

**Әл-Фараби атындағы
кітапхана**


**Профессор Берікбай Сағындықұлының
80 жас мерейтойына арналады**

**Кітапхана қорының
топтамасы**




Профессор Берікбай Сағындықұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қармақшы ауданының құрметті азаматы Берікбай Сағындықұлы 1939 жылдың 24 мамырында Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қашқансу ауылдық советіне қарайтын 6-шы ауылда – Чапаев атындағы колхозда – дүниеге келген. Әкесі – Мүсірбайұлы Сағындық қарапайым шаруа адамы, шешесі - Қауымбетқызы Төле үй шаруасындағы әйел болған.

- Берікбай Сағындықұлы алдымен «Оян» колхозының орталығындағы Сталин атындағы 7 жылдық мектепте, содан соң «Ақжар» совхозының орталығындағы ҚЛКЖО-ның 25 жылдығы атындағы орта мектепте тәрбиеленеді.
- 1955 жылы мектепті бітіргеннен кейін екі жыл туған ауылында жұмысшы болып істейді.
- 1957 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түседі.
- 1962 жылы университетті бітіргеннен кейін редакцияның Еңбекшілер хаттары және бұқаралық бөлімдерінен түскен материалдарды әдеби-стильдік жағынан өңдейтін стилист дәрежесіне көтеріледі.
- 1972 жылы сәуірде Б. Сағындықұлы аталған газеттің редакциясында Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспирантурасына қабылданғанға дейін еңбек етті.
- 1977 жылы Б. Сағындықұлы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Э. Н. Наджиптің жетекшілігімен филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне алу үшін «XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» атты тақырыпта диссертация қорғайды.
- 1975-79 жылдар аспирантураны бітіргеннен кейін аралығында Қазақ ССР «Ғылым» баспасына редактор, редакция меңгерушісі болып қызмет істейді. 1979 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне аға оқытушы ретінде қабылданады. Қазақ филологиясы кафедрасында 1984 жылдан доцент, 1997 жылдан қазірге дейін профессор болып қызмет істейді.




Сағындықұлы, Берікбай.Қазіргі қазақ тілі[Мәтін] : лексикология : оқу құралы /әл-Фараби атын.ҚазҰУ. - 2-бас. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2008. 1-бөлім. - 101, [1] б. - 76.03 тг.

Оқу құралының I бөлімінде қазақ тілі лексикасының семасиологиялық сипаты, лексика-семантикалық табиғаты ашылған. Ұғым, мағына және сөздің қарым-қатынасы айқындалған.




Сағындықұлы, Берікбай. Қазақ тілінің тарихы. Жаңа курс [Текст] : лекциялар / Б. Сағындықұлы. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. - 141, [3] б.

Оқулықтың бірінші тарауында түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі бүкіл дауыстылар мен дауыстылардың түпкітектері ашылған. Екінші тарауда септік, тәуелдік, көптік жалғауларын жалғауларының этимологиясына мән берілген. Үшінші тарауда түбіртектері айырып-ажыратудың методологиялық жолдары көрсетілген.




Сағындықұлы, Б. Берікбай. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері [Текст] : антология / [құраст. А. Ж. Құдабаев]. - Павлодар : С. Торайғыров атын. Павлодар мем. ун-ті, 2010. - 261,[1] б.

Кітапта қазақ тілі лексикасының ішкі даму заңдылықтары өзге түркі елдері мен көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары негізінде жан-жақты баяндалған. Ежелгі силлабофонемалар, финемалар, морфомелар әр түрлі лингвистикалық әдістердің көмегімен бұрынғы қалпына келтіріліп, байырғы түбірлер мен қосымшалардың сабақтастығы дәлелденген.




Сағындықұлы, Берікбай. "Мухаббат-наме" ескерткішінің (XIV ғ.) мәтіні [Текст] : оқу құралы / Б.Сағындықұлы ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2007. - 226,[3] б.

Кітапта Хорезмидің «Мухаббат-наме» ескерткішінің транскрипциясы, аудармасы, зерттелу тарихы, ғылыми сипаттамасы, «түрікше-қазақша», «арабша-парсыша-қазақша» сөздіктерінен құралған.




Сағындықұлы, Берікбай. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы [Текст] : оқу құралы / Б. Сағындықұлы ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2006. - 109, [3] б.

Оқулықта «Мухабат-наме», «Гулистан бит-турки», Хусрау уа Ширин» атты әдеби ескерткіштерді лексикалық жағынан бір-бірімен салыстырылады. Ескерткіштердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын білу-көне дәуірдегі әдеби тілді жан-жақты меңгеруге көмектеседі.




Сағындықұлы, Берікбай. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері [Текст] : оқу құралы / Б. Сағындықұлы ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2005. - 257,[1] б

Кітапқа қазақ тілінің ішкі даму заңдылықтары өзге түркі тілдері мен көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары негізінде жан-жақты баяндалған. Байырға фонемалар, морфемалар әр түрлі лингвистикалық әдістердің көмегімен бұрынғы қалпына келтіріліп, көне түбірлер мен қосымшалардың сабақтастығы дәлелденген.



Сағындықұлы, Берікбай. Қазіргі қазақ тілі [Мәтін] : оқу құралыәл-Фараби атын. ҚазМҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2003.1-бөлім : Лексикология. - 101 б

Оқу құралында қазақ тілі лексикасының семасиологиялық сипаты, лексика-семантикалық табиғаты ашылған. Ұғым мағына және сөздің өзара қарым-қатынасы айқындалған. Еңбек соңғы ғылыми жаңалықтарға сүйене жазылған.



Сағындықұлы, Берікбай. "Ғибат-ул хақайиқ" - XII ғасыр ескерткіші [Текст] : оқу құралы / Б.Сағындықұлы ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2002. - 184,[1] б

Кітап Ахмед Йүгінекидің» ғибат-ул хақайиқ аталатын дастанының транскрипциясы, аудармасы, зерттелу тарихы, ғылыми сипаттамасы, «лексико-грамматикалық ерекшеліктері», «түркіше-орысша-қазақша», «арабша-орысша-қазақша», «парсыша-орысша-қазақша» сөздіктерінен тұрады.